



«АККРЕДИТЕУ ЖӘНЕ РЕЙТИНГТІҢ
ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ» КЕМ

НУ «НЕЗАВИСИМОЕ АГЕНТСТВО
АККРЕДИТАЦИИ И РЕЙТИНГА»

Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз
агенттігінің Сарапшылық кеңесі туралы

ЕРЕЖЕ

Астана 2012

«Аккредиттеу және
рейтингтің тәуелсіз агенттігі»
КЕМ директорының
02.11.2012. №15-12-ОД
бұйрығымен
БЕКІТІЛГЕН

***Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз
агенттігінің Сарапшылық кеңесі туралы
ЕРЕЖЕ***

І. Жалпы ережелер

1. Сарапшылық кеңестер (бұдан әрі - СК) Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) сарапшылық және ақпараттық-консультативтік қамтамасыз етуші тұрақты әрекет ететін органы болып табылады.
2. СК қажеттілікке орай Агенттік қызметінің бағыттары бойынша жасақталады.
3. СК мүшелері қоғамдық негізде жұмыс жасайды.
4. СК жұмысының мақсаты болып Агенттік сарапшыларының жұмыстарын үйлестіру және білім берудің сапасын қамтамасыз етуге жәрдемдесу болып табылады.
5. СК шешімдері Агенттік үшін ұсыныс сипатында болады. СК ұсыныстары мен ұсынымдарын Агенттіктің басшылығы қарайды.
6. СК өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңына, Қазақстан Республикасының және Агенттіктің өзге де заңнамалық-құқықтық актілеріне, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.
7. СК өкілеттік мерзімі – 5 жыл.

II. Сарапшылық кеңестердің міндеттері:

1. Профессорлық-оқытушылық, педагогикалық және әкімшілік-басқару құрамын, мемлекеттік мекемелердің және ғылыми-зерттеу ұйымдарының қызметкерлерін Агенттіктің сарапшылары ретінде аккредиттеу рәсімдеріне, білім беру ұйымдарының қызметіне сарапшылық баға беруді жүргізуге тарту.
2. Ұйымдардың, кәсіпорындардың, бизнес-құрылымдардың басшыларын, жетекші сарапшыларды Агенттіктің сарапшысы

ретінде аккредиттеу рәсіміне қатысуға, білім беру мекемелерінің қызметіне сараптамалық бағалау жүргізу рәсімдеріне тарту.

3. Агенттіктің сарапшыларын білім беру мекемелері мен оқу бағдарламаларына сараптамалық баға беруге тарту.
4. Сарапшыларды таңдау; сарапшыларға қойылатын талаптарға сәйкес келетіндігін бағалау; сарапшы ретіндегі қызметін бағалай; Агенттіктің сыртқы сарапшыларын даярлау және қайта даярлау.
5. СК қызметінің бағытына қарай орта, техникалық және кәсіби, жоғары және жоғары білімнен кейінгі білім беруді дамытуға сараптамалық баға беру.
6. Нормативтік құжаттарды (білім беру мекемелерін/оқу бағдарламаларын институционалдық және/немесе мамандандырылған аккредиттеу бойынша Стандарттар мен Нұсқаулықтарды) жетілдіру және дамыту жөніндегі ұсыныстарды, сондай-ақ Агенттіктің қызметін регламенттейтін ішкі құжаттарды сараптау. Аталған нормативтік-құқықтық актілерге Агенттік сарапшыларының қорытындыларының жинақтауын жүзеге асыру.
7. Білім беру мекемелерінің қызметтерін жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу.

III. Сарапшылық кеңестерді құру тәртібі

1. СК Агенттік директорының бұйрығымен құрылады.
2. СК құрамы Агенттіктің сарапшылары арасынан құрылады. СК мүшелерінің саны – 5-11 адам.
3. СК төрағасы, құрамы және хатшысы Агенттік директорының бұйрығымен бекітіледі.
- 3.1 СК төрағасы Агенттік директорымен келісе отырып:
 - СК қызметіне басшылық жасайды;
 - СК отырыстарын шақырады және өткізеді;
 - СК отырысының күн тәртібін бекітеді;
 - СК отырыстарына қатысуға ұйымдардың өкілдерін және мүдделі адамдарды шақырады;
 - СК мүшелері арасындағы міндеттерді бөледі;
 - жұмыс (сарапшылық) топтарының құрамын жасақтайды;
 - ұйымдармен, соның ішінде мемлекеттік органдармен арақатынасы барысында СК атынан өкіл болады.

- СК атынан хаттамаларға, шешімдерге, есептерге және өзге де құжаттарға қол қояды;
- СК отырыстарын өткізетін уақытын және орнын белгілейді (келісім бойынша);
- СК қызметі шеңберінде оның мүшелеріне тапсырмалар береді;
- СК шешімдерінің орындалуына бақылау жасайды;
- СК қызметін қамтамасыз ету үшін қажетті өзге де функцияларды жүзеге асырады.

3.2 Сарапшылық кеңестің хатшысы Агенттіктің директорымен және СК төрағасымен келісе отырып:

- СК отырыстарын дайындау бойынша ұйымдастыру жұмыстарын жүзеге асырады;
- СК жұмыс регламентінің орындалуына, СК жұмысына қатысты СК тапсырмаларының орындалуына бақылау жасайды;
- СК отырысының дайындығын және өткізілуін қамтамасыз етеді, хаттама жүргізеді;
- СК отырысы барысында қабылданған шешімдер мен ұсыныстар туралы барлық мүдделі адамдарға хабарлануын қамтамасыз етеді.

4. СК құрамына орта, техникалық және кәсіби, жоғары және жоғары білімнен кейінгі білім беру саласындағы жетекші сарапшылар, соның ішінде жұмыс берушілердің өкілдері де кіреді.
5. СК құрамының өзгеруіне оның төрағасы мен Агенттіктің директоры бастамашылық жасай алады.
6. СК жекелеген мәселелерін зерделеу үшін Агенттік сарапшыларын, жұртшылықтың және мүдделі тараптардың өкілдерін тарта отырып комиссия құруға құқылы.

IV. Сарапшылық кеңестің отырыстары:

1. СК отырыстары қажеттілікке қарай, бірақ кемінде жылына екі реттен кем емес, соның ішінде интерактивті байланыс құралдарын қолдана отырып (бейнеконференция, бейне-қоңырау, Skype және т.б.) өткізіледі.
2. СК мүшелері келесі өткізілетін отырыстың өткізілетін жері және күн тәртібі туралы жоспарланған күннен кем дегенде 1 ай бұрын хабардар болуы тиіс.
3. СК шұғыл отырыстарын төраға бір тәулік ішінде шақырады.
4. СК отырыстары хаттамаланады. Хаттаманы СК хатшысы жүргізеді.
5. СК отырыстарына шақырылған адамдар қатыса алады. Шақырылатын адамдардың тізбесін СК төрағасы белгілейді.

V. Шешімдерді қабылдау процесі

1. СК шешімдері қарапайым көпшілік дауыспен қабылданады.
2. СК отырысы, егер оған кем дегенде жалпы құрамның 2/3 қатысатын болса заңды болады.

VI. Есеп және есептілік

СК Агенттік басшылығына өз қызметі туралы жыл сайын есеп береді.

VII. Сарапшылық кеңесті қайта ұйымдастыру және тарату

1. Осы Ережені өзгерту туралы шешімді Агенттік директоры қабылдайды.
2. СК қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешімді Агенттік директоры қабылдайды және тиісті бұйрықпен рәсімделеді.

